

Халықаралық талаптарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімі қауіпсіздігінің тәуекелін бағалау және сапасын бақылау жүйесін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 қыркүйектегі N 828 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 255-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық талаптарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімі қауіпсіздігінің тәуекелін бағалау және сапасын бақылау жүйесін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 24 қыркүйектегі
N 828 қаулысымен

бекітілген

Халықаралық талаптарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімі қауіпсіздігінің тәуекелін бағалау және сапасын бақылау жүйесін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)*	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
		Қазақстан			2008 жыл - 4 000	

1	Ветеринариялық зертханалар объектілерін дамыту	Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ	2008-2010 жылдардың 4-тоқсаны	000,0 2009 жыл - 8 457 352,0 2010 жыл - 3 125 948,0	Республикалық бюджет
2	Агроөнеркәсіптік кешен өнімі қауіпсіздігінің тәуекелін бағалау жүйесін әзірлеу	Әдістемелік ұсынымдар	АШМ, ДСМ, "Қаз-Агро Инновация" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылдың 4-тоқсаны	2009 жыл - 22 000,0	Республикалық бюджет
3	Халықаралық стандарттарды енгізу мәселелері бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ, ИСМ, "Қаз-Агро Инновация" АҚ (келісім бойынша)	2008-2010 жылдардың 4-тоқсаны	Талап етілмейді	
4	Мемлекеттік ветеринариялық инспекторларды ХАССП (НАССР) қағидаларына оқыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2009-2010 жылдардың 4-тоқсаны	2009 жыл - 9 400,0 2010 жыл - 9 400,0	Республикалық бюджет
5	Мемлекеттік өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларды ХАССП (НАССР) қағидаларына оқыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ	2009-2010 жылдардың 4-тоқсаны	2009 жыл - 8 600,0 2010 жыл - 8 600,0	Республикалық бюджет
6	ХАССП (НАССР) стандарттарын енгізген агроөнеркәсіптік кешен	Қазақстан Республикасының	АШМ	Жыл сайын жарты жылдық		

субъектіле- рінің мониторингі	Үкіме- тіне ақпарат		бойын- ша	Талап етіл- мейді	
				Барлығы: - 15 641 300,0 2008 жыл - 4 000 000,0 2009 жыл - 8 497 352,0 2010 жыл - 3 143 948,0	

Е с к е р т п е :

* тиісті жылға арналған республикалық бюджет шеңберінде нақтыланатын болады

Аббревиатуралардың толық жазылуы :

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

А Қ - А к ц и о н е р л і к қ о ғ а м

ХАССП (НАССР) - Тәуекелдер мен шекті бақылау нүктелерін талдау